

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 10 » қыркүйек 2025 ж. № 359

Қарағанды қаласы

город Караганда

Конкурсты өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидалары" бұйрығының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығының негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 10 қыркүйектен 18 қыркүйекке дейін "№53 мектеп-лицейі" КММ-де педагогтардың бос және уақытша бос лауазымына конкурс жариялансын. (Жауапты: Л.К. Кобенова)
2. А.Х.Имаева конкурстық комиссияның отырысын аудио бейне жазбамен сүйемелдесін және бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтасын.
3. Комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы конкурсты ұйымдастыру тәртібін сақтасын:
 - Тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жарияласын (жауапты: А.Х. Имаева);
 - конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдабылдасын (жауапты: К.Р. Сагиева, А.Х. Имаева);
 - Үміткерлердің құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарасын (Жауаптылар: комиссияның барлық мүшесі);
 - Конкурстық комиссияның қорытынды отырысына (жауапты: Л.К. Кобенова).
4. Конкурсты өткізу мерзімі: 7 жұмыс күні (сенбі, жексенбіден басқа) 2025 жылғы 10 қыркүйектен 18 қыркүйекке дейін – құжаттарды қабылдау мерзімі бекітілсін;

кандидаттың құжаттары қабылданғаннан кейін 2025 жылғы 19 қыркүйектен 23 қыркүйекке дейін 3 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық сервисі арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы сұрау салу құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық сондай-ақ білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаментке педагог мәртебесі туралы Заңнаманы бұзу туралы; құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін 2025 жылғы 19 қыркүйектен 25 қыркүйекке дейін 5 жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік талаптарымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес тігіне қарау жүргізілсін (жауапты: Л.К.Кобенова).

5. Конкурс нәтижелерін мектеп-лицейдің интернет-ресурсында, ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында конкурстық комиссияның қорытынды отырысының өткізілетін күнін орналастыру жауапкершілігі А.Х.Имаеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік комиссия төрағасы Л.К.Кобеноваға жүктелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



А.Садвакасова